

Қамқоршылық кеңес отырысы

Хаттама №3

Күні: 24.08.26

Қатысқандар: 11

Күн тәртібінде қаралған мәселелер:

1.2026-2027 оқу жылына арналған мектептің оқу тәрбие қызметін талдау

2.«Мектепке жол», «Қамқорлық» акциялары барасында әлеуметтік көмек көрсету туралы

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша мектеп директоры Р.Ерубаета сөз алып Оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы өзгерістерге тоқталды. Алдағы оқу жылының ерекшеліктерінің бірі балалардың қауіпсіздігі мен көрсетілетін қызметтердің сапасына қатысты мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға қойылатын талаптарды күшейту, ерекше білім беруге қажеттігі бар білім алушылар үшін жағдай жасау болып табылады.2026-2027 оқу жылында білім беру ұйымдары білім беру процесін іске асыру кезінде Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңын, Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын, «Педагог мәртебесі туралы», «Қазақстан Республикасындағы Баланың құқықтары туралы», «Қазақстан Республикасында мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қорғау туралы» және т.б., Заңдарды және басқа да заңнама актілерін басшылыққа алуы және оқыту процесін келесі нормативтік құжаттар негізінде жүзеге асыруы тиіс екені айтылды. Орта білім беру ұйымдарының міндетті мектеп формасына қойылатын талаптар Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 14 қаңтардағы № 26 бұйрығымен бекітілген.

Оқу процесі 2026 жылғы 1 қыркүйекте басталып, 2027 жылғы 25 мамырда аяқталады. Білім күніне арналған салтанатты жиынның уақыты мен күні мектептің педагогикалық кеңесінің шешімімен белгіленді.

Биылғы жылы мектебімізде жылыту жүйесін жоғарғыдан төменгі ауыстыру жұмыстарын ЖК Шишов М. З. жүргізді, жұмсалған қаражат 9 910 000 теңге. І қабат дәлізінде жөндеу жұмыстарын ЖШС «Жалғас груп» жүргізді, жұмсалған қаражат 8 400 000 теңге. «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасын көрнекі сүйемелдеу мақсатында 2026-2027 оқу жылында бірыңғай көрнекі дизайн-код пен заманауи брендбукті мектебімізде қабырғаларды эстетикалық безендіру бойынша қызметтер ЖК Абдыхалыков жасады, жұмсалған қаражат 2 100000 теңге.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша директордың тәрбие ісі-жөніндегі орынбасары Д.Сағимбекова сөз алды.

Жалпыға бірдей білім беру қорынан мектептегі аз қамтылған, қамқорлықтағы, мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алатын отбасы балаларына мектеп формасын және оқу-құралдар алуға ақылдаса отырып құжаттары толық емес ата –аналарға демеуші тарапынан көмек бергендері туралы айтылды.«Koungrad Copper Company» және «Sary Kazna» 6 балаға 65.000 сертификат , «Кәусар» аяқ киім дүкені 6 ұл балаға 11 қыз балаға аяқ киім берді. «Бауырсақ» дүкені 6 балаға оқу құралдарымен көмек көрсетті.

СӨЙЛЕДІ:

Қамқоршылық Кеңес төрайымы А.Абдирова сөз алды. Өтініш берушілерге жалпыға әлеуметтік жағдайы төмен және көп балалы отбасынан шыққан оқушыларға, жетім және ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларға,әлеуметтік көмек алатын отбасының балаларына демеушіліктен көмек көрсетуін қолдайтындығын айтты.

1. 2026-2027 оқу жылына арналған мектептің оқу тәрбие қызметін талдау қанағаттанарлық деп танылсын

2. Жалпыға бірдей білім беру қорынан аз қамтылған мектептегі әлеуметтік жағдайы төмен және көп балалы отбасынан шыққан оқушыларға, жетім және ата –аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларға, әлеуметтік көмек алатын отбасының балаларына қаржылық көмек жыл бойы жалғасын тапсын.

Қамқоршылық кеңес мүшесінің төрайымы:

 Абдирова А.


Қамқоршылық кеңес мүшелері:


Толеубек Г. 

Такабаева А. 


Ансабай А. 


Толеубасов М. 


Токишева Д. 

Ербосынова А. 


Абылай Р. 

Чиякова А. 

Исина Ж. 

Шакирова А. 

Хатшы



Сагимбекова Д.